

Бюджет туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 20 шілде 1994 ж. N 284-ө

"Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 17 желтоқсандағы Заңына сәйкес облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген нысан бойынша 1995 жылға арналған бюджет жобаларының жиынын үстіміздегі жылғы 20 тамыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне табыс етсін.

1995 жылға арналған бюджет жобаларының жиынын Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 1994 жылғы 5 қыркүйектен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне беру Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тапсырылсын.

Премьер-министр